

Шетпе ауылы әкімінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі №277 "Орталық паркке Қ.Жүсіповтің атағын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 487 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қарашада № 3461 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2013 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және Шетпе ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, сонымен қатар Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 10-15-4396 ұсынысының негізінде, Шетпе ауылы әкімінің міндетін атқарушы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шетпе ауылы әкімінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 277 "Орталық паркке Қ.Жүсіповтің атағын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-5-76 болып тіркелген, 2009 жылғы 8 шілдеде "Жаңа өмір" газетінде № 32-33 жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңына, Шетпе ауылындағы Орталық паркке Қ.Жүсіповтің атағын беру туралы ауыл тұрғындарының және аудандық ардагерлер кеңесінің ұсынысын қарап, Шетпе ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

шешімнің 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шетпе ауылындағы Орталық паркке Жүсіпов Қыдырбайдың атағы берілсін."

2. Шетпе ауылы әкімінің орынбасары (Ж.Өтелгенов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шетпе ауылы әкімінің
міндетін атқарушы*

М.Мүтәллапов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК